

Ақтөбе қаласының білім бөлімі
ЖШС «С.О.К»«Димаш» бөбекжайы

**ЖШС «С.О.К»«Димаш» бөбекжайының
Өзін –өзі аттестаттау қорытындысы**

Ақтөбе – 2023 ж.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ЖШС «С.О.К.» «Димаш» бөбекжайының
өзін – өзі бағалау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақтөбе қаласы

01 ақпан 2023 жыл

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 5 желтоқсан №31053 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде ЖШС «С.О.К.» «Димаш» бөбекжайында өзін – өзі аттестаттау өткізілді.

Өзін – өзі аттестаттаудың мақсаты : ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

- 1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ЖШС «С.О.К.» «Димаш» бөбекжайы . Типтік үлгідегі үш қабатты ғимарат.
- 2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 12 мөлтек ауданы 101 үй, бойынша орналасқан.
- 3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87058200908, электронды почта Dimash_sad@mail.ru, инстаграм парақша [dimash_sadik](https://www.instagram.com/dimash_sadik) 2018 жылдан жүргізілуде. Сайт сілтемесі <http://iaslisad-dimash.kz>
- 4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: 2017 жылдың 01 тамыз айында тағайындалған.
- 5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облыс бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастор және тіркеу бөлімі. БСН 160740017883 Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 22.07.2016ж
- 6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметінің басталған туралы 2018 жылғы 13 шілде № KZ48RVK0007374 берілген хабарлама.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

- 1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Димаш» бөбекжайында

оқу – тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік – басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша педагогикалық ұжымы оқыту – тәрбиелеу процесін: - ҚР «Білім туралы» Заңына; Жарғысына;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Оқу жұмыс жоспарына;

- Ішкі тәртіп ережелеріне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Балабақшасы сыйымдылығы 383 орын, 16 топ. Қазіргі таңда 383 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығында балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті Balabagsha.kz сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі. Балабақша балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі. «Димаш» бөбекжайында жылдық жоспар оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан - жақты, нақты жазылған.

Ата – аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Ата – аналармен келісім – шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай. Құжаттар іс – қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналғаноқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат – міндеттері көрсетілген. Әртоптың ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдылары («дене шынықтыру», «таным», «шығармашылық», «әлеумет», «коммуникация») ескере отырып құрылған.

Балабақшада тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2022 -2023 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің

жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына /2020 жылға 24 қыркүйегіндегі № 412 бұйрығын өзгерістер енгізу туралы/, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына/ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелу тізімінде № 14235 болып тіркелген / бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы/ сәйкес жүзеге асырылады./ Оқу жылының ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚРМЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ. Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани – адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды.

Материалдық – техникалық және әлеуметтік базасы





ЖШС «Димаш» бөбекжайында балаларды сауықтыру және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Денешынықтыру залы





Тұзды шахта



Балабақша әкімшілігі материалдық – техникалық базасының нығаюына көңіл бөледі.

Балабақша дене тәрбиесі, музыка залы, сондай – ақ меңгеруші, әдіскер, есепші , медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Музыка залы



Балабақшада медициналық бөлме жұмыс жасайды. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған. СанПин талаптарына сай. Балалардың денсаулығын сақтау, аурушандықтың алдын алу, сауықтыру жұмыстары жүргізу, балалардың медициналық бақылау жұмыстарын балабақша медбикесі

жүргізеді. Сонымен қатар балалардың өмірін қорғап, жан – жақты толыққанды дамыту және денсаулығын нығайту, тіршілік әркетінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырып, салауатты өмір салтын баулу. Балалардың денсаулығын сақтау және жақсарту, олардың арасында сырқаттанушылықты төмендету бойынша іс- шаралар жыл сайын жоспарланып орындалады. Медициналық кабинет санитарлық ережелерге сәйкес құрал – жабдықтармен қамтамасыз етілген;

- Медициналық шкаф – 2;
- Жылжымалы кварц – 3;
- Бой өлшегіш – 1;
- Салмақ өлшейтін таразы – 1;
- Тонометр – 1 ;
- Емдеу столы – 2 ;
- Кушетка – 2 ;
- Термоконтейнер – 1 ;
- Бесконтактный термометр – 2 ;
- Тоңазытқыш – 1 ;
- Ширма – 1;
- Қабырға кварцы – 1;
- Жазу үстелдері – 1 ;
- Құжаттар арналған шкаф – 1 ;


Балалардың күнделікті құнарлы да сапалы тағамдармен тамақтандыруды ұйымдастыру балабақшаның ем – дәмбикесінің бақылауымен жүргізіледі.

Медициналық кабинет





Менгерүші және әдіскер бөлмесі



Есепші бөлмесі





Асхана



Прачка





Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу – тәрбие жұмысына қажетті, видео, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 2 компьютер, 2 принтер, 2 ксерокөшірме, 2 ламинат аппараты, 1 переплет аппараты бар. Топтар парта, отырғыш, керуерт, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтарымен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім дағдысы бойынша безендірілген.

Топтар





Балаларды қабылдау бөлмесі



Жатын бөлме





Топ асханасы



Жуынатын бөлме





Балалардың денсаулығын дамыту бойынша:

Балалардың өз бетінше қимыл- қозғалыс іс – әрекеттеріне , баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшықеттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар. Мәдени – гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кенейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру –шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.

«Қатынас» білім дағдысы бойынша :

Балалардың ойын техникалары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

Балалардың «Таным» білім дағдысы бойынша:

Әр баланың танымдық іс – әрекетінің жеке дамуын әсер ететін сенсорлық – дидактикалық ойындары (мозайка, домино, құрастырулар, пазл түрлері, геометриялық пішінтүрлері, әр түрлі конструкторлар) жабдықталған.

«Шығармашылық» білім дағдысы бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналған дидактикалық ойындармен жабдықталған.

«Әлеумет» білім дағдысы бойынша:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез – құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар, ыдыс – аяқтармен жабдықталған.

Балабақшада барлық топтардың баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістіктің дамытушы ортаны қажетті құралдармен жасақталған.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, су сүзгісі (фильтр) құралы, ауа баптағыш, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады.

Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

- Ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- Жапсыру, сурет, құрастыру іс – әрекетіне қажетті құралдар;
- Балалардың қимылдық іс – әрекеттеріне қажетті спорттық құрал жабдықтармен жабдықталған;
- Әр топта үстел ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде.

Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлері театрлар дайындалған.







Балабақшада және ата – ананың барлық қарым – қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата – ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата – ана міндеті) көрсетілген. Ата – ананың төлем ақысының бағасы күніне 700 теңге «Димаш» бөбекжайы қалалық білім бөлімінің 09.04.2021 жылғы №115 бұйрығына сәйкес келеді.

Кадрлар әлеуметіне талдау

Қазіргі уақытта «Димаш» бөбекжайында барлығы 27 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог- қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтар №77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне жасалған және қалалық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымында кадрлар тұрақты.

2022- 2023 оқу жылында барлығы 27 педагог жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі ұйымының басшысы, меңгерушісі, барлық топтың тәрбиешілері мен маман жетекшілерінің жалпы санынан «Мектепке дейінгі және оқыту» мамандығы бойынша техникалық кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 100% құрайтыны анықталды.

Оның ішінде жоғары білімдісі – 8 педагог (29,6%)

Жоғары «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша- 7 педагог (25,9%)

Арнаулы орта білімдісі - 19 педагог (70,3%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 16 педагог (59,2%)

Жоғары санаты – 0 (0 %)

Бірінші санаты – 0 (0 %)

Екінші санаты: - 0 (0 %)

Педагог – зерттеуші : - 1 (3,7 %)

Педагог сарапшы : - 1 (3,7 %)

Педагог- модератор : 0 (0 %)

Педагог санаты 27 (100%)

Біліктілік курсынан өткен педагогтар : - 11 педагог «Өрлеу»

Жанартылған бағдарлама – 1

Басқа курстар – жоқ

Қазіргі таңда « Димаш» бөбекжайында 24 тәрбиеші, 1 құрылтайшы, 1 меңгеруші, 1 денешынықтыру жетекшісі және 1 психолог маманы жұмыс жасайды.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед. білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2020-2021	22	1(4,5%)	1(4,5%)	18(81%)	2(9,0%)	-

2021-2022	24	3(25%)	1(4,5%)	17(20%)	3(20%)	-
2022-2023	27	7(25,9%)	1(3,7%)	16(59,2%)	3(11%)	-

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтары саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2020 - 2021	22	1	2	3	16 (72,7,4%)
2021 - 2022	24	1	1	0	22(91,6%)
2022- 2023	27	1	1	0	25 (92,5%)

Жоғары бірінші, екінші, педагог – модератор санаты бар тәрбиешілердің саны – 0 (0%) Педагог зерттеушімі -1. Педагог сарапшы-1. Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші : 0 пайыз

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	Басқа курстар
2020-2021	22	4	
2021-2022	24	7	1
2022-2023	27	0	0

«Димаш» бөбекжайында жыл сайын инклюзивті білім беру курстарына жіберіп, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырамыз және әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік оқу, қалалық және облыстық семинарларға қатысып өз іс- тәжірибесімен бөлісу және қалалық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдануымен әдістемелік жинақтарын баспадан шығару, қалалық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰОІ –ін жариялау.

«Димаш» бөбекжайында іс – жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс – қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулармен қатар, облыстық марапаттарға ие.

«Димаш» балабақшасының педагогтарының 2020-2023 оқу жылдарындағы жетістіктері

№	Педагогтардың аты – жөні	2020 - 2021	2021 - 2022	2022 - 2023
1	Темірбаева Ү.Қ.	«Самғау» Республикалық Ғылыми Академиясынан Мақтау қағазы	«Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом	
2	Ахметниязова А.Т.	«Самғау» Республикалық Ғылыми Академиясынан Мақтау қағазы	«Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом	
3	Мамбетжанова А.Ж		«Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом	
4	Құлмуратова Г.А.		«Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны	

5	Тоғайбаева А.Т.		үшін Диплом «Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом	
6	Есекеева З.Б		«Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом	
7	Сагиева Г.Г		«Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом	
8	Шеренова А.Р		«Үркер» Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» марафонының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом	

Балабаақша әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

Балабақша әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жанарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Әкімшілік – басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік – басқару қызметкерлерінің құрамышпаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік – басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

«Димаш» бөбекжайының басқару қызметін Ербатырова С.Д Ақтөбе гуманитарлық колледжін 2000 ж «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығын аяқтады.

Басқару қызметін талдау басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған көрсетеді. Басқару қызметі педагогикалық ұйымның шапшандылығына және әр түрлі құбылыс қызметі туралы басқа түрдегі ақпаратпен негізделеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 4 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оқу тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы құралды.

Менгеруші – Ербатырова Светлана Даниловна «Димаш» бөбекжайында 2017 жылдан бастап жұмыс жасайды. Осы қызметі бойынша 2017 жылдың тамыз айынан бастап жұмыс жасайды. Жалпы еңбек өтілі 18-жыл. Білімі – арнаулы орта «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» Қазіргі таңда КМРУ -3 курс оқуда

Ақтөбе гуманитарлық колледжі 2000 жыл мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

Медбике – Салмағанбетова Ардақ Жейнайқызы, Ақтөбе медицина колледжін бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 4 жыл Біліктілігін арттырғаны туралы КУӘЛІК №0108 АОФ «Республиканский центр профессионально развития «Санат» жанында «Жалпы Мейіркелік технологиялар» циклы бойынша Мейірбеке ісі мамандығы бойынша 108 сағат аралығында біліктілігін арттырудан өткені үшін берілген. Медбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 шілдесіндегі № 2369 бұйрығы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беруобъектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші – Сагиева Жанар Уахитовна Білімі – арнаулы орта Ақтөбе экономика,статистика және информатика колледжі 2019 ж мамандығы «Экономист- бухгалтер», 2022 ж. «Димаш» бөбекжайында жұмыс жасауда Барлық құжаттарын уақытында жүргізеді. Мемориалдық кітап жүргізіледі, тігілген, нөмірленген. Ата – аналар жарнасының шоттары бар, айналым ведомосы бар, талаптарға сай жүргізіледі.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Менгерушінің нормативтік құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Менгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымының материалдық – техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахауалды қарым – қатынас қалыптастырылған.

ҰЖЫМ







Тәрбиеленушілердің контингенті

Мектепке дейінгі «Димаш» бөбекжайында жалпы тізім бойынша – 383 бала. Балалардың құрамы 2 – 6 жас аралығын қамтиды, барлығы 4 топ. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы – 30 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:

2020 жыл – 99,52%

2021 жыл – 96,83%

2022 жыл- 93,36%

Тоқсан сайын және ай сайын балалардың қатысымы мен наукастануы есепке алынып қорытындыланып отырады. Ата – аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы

журналы, жолдамаларды тіркеу, балалар мен ата – ана құжаттарын тіркеу журналдары талапка сай жүргізілген.

Оқу – әдістемелік жұмыстар

Балабақшаның алға қойған максаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс – әрекет түрінде дамыту, сол максаты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани – адамгершілік тәрбие мазмұны құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым – қатынасқа баули отырып олардың талап – тілектерімен санасу жанашырлық сезімдерін дамыту;
- Педагогтар мен ата – аналардың рухани – адамгершілік тұрғыда өсуіне жағдай жасау;
- Адамгершілік – рухани тұрғыда балаларды жан – жақты тәрбиелеу.
- Балалардың креативті ойлауын шығармашылық қиялын және танымдық қабілеттерін дамыту;

Коммуникативтік дағдылары мен біліктіліктерін арттыру;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту – тәрбие жұмыстарында оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2020 – 2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған. Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізінде ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.2020ж.) негізінде, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 13.08.2020 ж. №345 бұйрығы «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезінде мектепке дейінгі ұйымдарында, мектепалды даярлық топтарында/ сыныптарында тәрбие – білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020 – 2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хаты» негізге алынып құрылды.

2020 – 2021 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ортаңғы топ –3 топ (2 қазақ 1 орыс) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 72 сағат, орыс тобында -90 сағат, «Таным» - 90 сағат «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеует» - 18 сағатты құрады. Барлығы қазақ тобында – 396 сағат, орыс тобында – 414 сағат.

Ересек топ – 6 топ (4 қазақ 2 орыс) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеует» 18 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 432 сағат

Мектепалды даярлық тобы –2топ (1 қазақ 1 орыс) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында - 180 сағат, орыс тобында – 216 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеует» - 54 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 612 сағат, орыс тобында – 648 сағат.

2021 – 2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020ж.) негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021 – 2022 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік- нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2021 – 2022 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Кіші жас топ -1(1 қазақ) «Денсаулық»- 108 сағат , «Қатынас» - 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады.Барлығы қазақ тобында – 396 сағат

Ортаңғы топ – 4 (3 қазақ 1 орыс) «Денсаулық»- 108 сағат , «Қатынас» - 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады.Барлығы қазақ тобында – 396 сағат

Ересек топ – 4 (3 қазақ 1 орыс), «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 90 сағат, орыс тобында – 108 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады, барлығы қазақ тобында – 432 сағат, орыс тобында – 450 сағат

Мектепалды даярлық тобы – 5(3 қазақ 1 орыс тобы) «Денсаулық» - 108 сағат , «Қатынас» қазақ тобында – 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 612 сағат.

МДҰ педагогтары адаптивті бағдарламаларды жасап өңдеді. Соңғы 3 жылдың ішінде тәрбиешілердің бейімделген 5 бағдарламасы

2020-2023 ж.ж. қалалық сараптау комиссиясымен бекітілген адаптивті бағдарламалар

№	Бағдарлама	Мақсаты	Авторы	Бекітілген уақыты, бұйрық№
1	«Ғажайып сурет»	Балалардың эстетикалық сезімдерін түрлі-түсті сезінулеріне, композициялық сезім ритімдерін, жан-жақты танымен , бақылауын дамыту.	Нұрсұлтанова А.Б.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №682 17.09.2018 бұйрығымен бекітілді.
2	«Мейірімділік пен әділдік мекені»	Мектепке дейінгі жастағы балаларды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. Қасиетті қазақ топырағында өсіп- өніп келе жатқан ұл – қыздарымызды мемлекеттік қызметтің мағынасын, оның басты құндылықтарын- адалдықты, тұрақтылықты, отанға қызмет етуді түсіндіру.	Шалабаева Г.У Уркинбаева А.Ж. Жусупова Ш.Т. Дуйсенова А.Б. Туремуратова Г.Ж.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №1111 17.09.2017 Бұйрығымен бекітілді.
3	«Страна Добра и Справедливости»	Программы является – поиск и определение более	Шалабаева Г.У	Ақтөбе қаласы білім

		эффективных путей формирования норм и правил поведения у детей дошкольного возраста.	Уркинбаева А.Ж. Жусупова Ш.Т. Дуйсенова А.Б. Туремуратова Г.Ж.	бөлімінің №1111 17.09.2017 Бұйрығымен бекітілді.
4	«Сиқырлы бояулар әлемі»	Балалардың эстетикалық сезімдерін түрлі-түсті сезінулеріне, композициялық сезім ритімдерін, жан-жақты танымен, бақылауын дамыту.	Кулмуратова Г.А.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №277 17.09.2021 Бұйрығымен бекітілді.
5	«Почемучки»	Умеет творчески мыслить, оперирует числовой, знаковой символикой.	Алимбетова С.К.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №1207 17.09.2019 Бұйрығымен бекітілді.
6	«Бәрін білгім келеді»	Балалардың ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортасына бейімделуін қалыптастыру.	Теңізбаева Н.О.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №682 17.09.2018 бұйрығымен
7	«Сказочная математикай»			Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №573 15.09.2020 Бұйрығымен бекітілді.
8	«Негеш»	Айналадағы табиғаттың әсемдігін байқау, болып жатқан өзгерістерді түсініп бағалау.	Ауезова С.Х.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №682 17.09.2018 Бұйрығымен бекітілді.
	«Ұшқыр ойлы баланың»	Ойын арқылы баланың игерген білімдерін дамыту. Қоршаған әлем туралы балалардың ұғымын кеңейту.	Иманбаева Г.С.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №1207 17.09.2019 Бұйрығымен бекітілді.
9	«Цветные ладошки»	У дошкольников развито художественное творчество и активирован творческий потенциал посредством нетрадиционной техники рисования.	Есекеева З.Б.	Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №573 15.09.2020 Бұйрығымен бекітілді.
10	«Маленький актер»	Приобщение ребенка к	Сагиева Г.Г.	Ақтөбе

		миру искусства через театральную деятельность.		қаласы білім бөлімінің №573 15.09.2020 Бұйрығымен бекітілді.
--	--	--	--	--

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады, Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар – практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу – тәрбие жұмысын талдау, педқадырларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады, Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс – тәсілдерді, формаларды қолданады.

Топ тәрбиешілері баламен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолданып келеді. Бейнелеу қызметінің дәстүрлері емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгілі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу, қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар кенінен қолданылады. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері: «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Бастыру», «Құммен сурет салу», «Кляксография», т.б. әдістерді қолдануда.

Қазақ тілін құрметтеу, ана тілінде дұрыс, анық сөйлеуге дағдыландыру мақсатында «Ана тілім анамның тілі» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

Балалардың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді, қарттарды сыйлау, салт – дәстүрді ұстана отырып, аталы сөздерден ғибрат алуға тәрбиелесу мақсатында «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» атты Кеңейтілген оқу қызметін өткізді.

Балалардың танымдық ойлауын арттыру, АКТ технологиясы пайдалана отырып, Ұлттық ойындар сайысы «Ойла да, ой қоға» тақырыбында өткізілді.

Қазақтың халық ауыз әдебиетіненатадан балаға ерте заманнан бүгінгі күнге дейін келе жатқан асыл мұрасын балалардың бойына сіңіру мақсатында «Әжем айтқан ертегі» тақырыбында әжелердің әңгімесінен қойылым ұйымдастырылды.

Ата – аналарды балабақшаның көгалдандыру жұмыстарына тарту және балалардың өсімдіктерге қамқоршылық сезімдерін арттыру, еңбексүйгіштікке баулу мақсатында «Туған жердің табиғаты» тақырыбында көгалдандыру акциясы жұмыстары жүргізілді.

Балалардың қазақтың ұлттық ойындарын ойната отырып, би қимылдарын көрсете білуге, ұлттық ойынға, ұлттық биге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Ойын ойнап, би билеп» Ұлттық ойындар мен билер қойымы өткізілді.

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық кеңес хаттамалары жазылған тігіліп, мөрленіп, меңгеруші бекіткен.

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жарақаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген.

Ата – аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата – аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған. Балабақшадағы ашық сабақтар, ойын – сауық

ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізілген. Сонымен қатар игі акциясы да ұйымдастырылып отырады.

Мектепке дейінгі мекемеде «Мәңгілік Ел» идеясын насихаттауда өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Осы тұтырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігін анық көрсетіледі. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделі жүргізілді.

«Балалар әдебиетінің майталмандары» кітап қоры, табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру мақсатында экология жылына орай «Балабақша жағдайындағы экологиялық тәрбие негіздері» тақырыбында табиғат бұрышы жабдықталған.















Балалардың білімін бағалау

Мектепке дейінгі ұйымның басшылық қызметін Ербатырова Светлана Даниловна атқарады. Арнаулы орта білімі бар, жалпы өтілі – 18 жыл, осы ұйымда 2017 жылдан бастап жұмыс жасайды.

Менгеруші педагогикалық ұжымның жұмысын басқарады, медициналық, қызмет көрсету персоналының жұмысын ұйымдастырады. Өз жұмысында ОТП бақылауға алады, циклограммаларды, педагогикалық жұмысты талдау бойынша жадынамаларды қолданады.

Педагогикалық жұмысының мониторингі ұжымның қызметін бақылауға, ұжым алдында көптеген міндеттерді қарастыруға, бөлуге, өз көмекшілеріне міндеттерін жүктеуге, әріптестердің жұмыс тәжірибесін қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша басқару қызметінің сапасы артады.

Барлық педагогтардың, менгерушінің өзара іс – әрекетке қатысу дәптерлері бар, ұсыныстар мен пікірлер жазылып таныстырылған. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері әр жыл сайын жоспарланып өткізілген, материалдарды жинақталған.

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

№	Қорытынды деңгейі	2020 - 2021	2021-2022	2022-2023
1	I деңгей	4,17%	8,97%	0%
2	II деңгей	23,81%	35,88%	0%
3	III деңгей	72,02%	55,15%	0%

Ата – аналармен іс – шаралар жоспар бойынша жүргізіледі, барлық материалдар папкілерге жинақталған. Ата – аналар мектепке дейінгі ұйымының жұмысына әр кез қатысады.

Мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыты – тәрбие процесін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жұмыс жоспарын, педагогикалық кеңестердің хаттамаларын талдау, оқу – тәрбие процесін бақылау соңғы 4 жыл ішінде жұмыстың негізінде барлық бағыттарының қаралғанын көрсетті.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, педкеңестерде, барлық қызметкерлерді ҚР Президентінің Жолдауымен, ҚР Заңымен таныстырады.

Ұйымда іс – қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс – қағаздары, ата – аналармен келісім шарттар, бұйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.

Басқару қызметінің жұмысына талдау жасай келе, педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ететінін, туындайтын мәселелерді шешуге көмегін тигізетінін атап өтуге болады.

Мектепке дейінгі педагогтар мен ата-аналардан компютерлік сауалнама алу кезіндегі шкала төменде көрсетілген пайыз бойынша анықталды.

Педагогтар қатысқан-27

Келісемін -1 (4,9%)

Толық келісемін-24(90%)

Келіспеймін-1(0%)

Толық келіспеймін1(5.1%)

Ата-аналар сауалнамаға қатысқан – 96 (бала саны 97 -2 бала егіз ата-ана бір сауалнамаға жауап берді, сондықтан -96)

Келісемін -41 (43%)

Толық келісемін-54(55%)

Келіспеймін-1(2%)

Толық келіспеймін-0(1%)

Ұсыныстар:

1. Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында педагогтардың «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
2. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілсін.
4. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
5. Барлық топтарда білім беру салаларының мазмұнына сай пәндік – дамытушы ортаны, табиғат бұрышын тірі табиғат иелерімен толықтыру.
6. Ата – аналар мен педагогтар арасында жүйелі түрде сауалнамалар өткізіліп тұрсын.
7. Дене шынықтыру ҰОК – не қажетті жанашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.
8. Әдістемелік бөлме қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайында өткен өзін-өзі аттестаттаудың негізгі ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

1. ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы «мектепке дейінгі ұйым» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы меңгерушісі:

С.Д. Ербатырова

Комиссия мүшелері:

ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы психологы:

А.С. Жолымбетова

ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы тәрбиеші:

Г.Г. Сагиева

ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы тәрбиеші:

Г.Е. Тоғайбаева

Хатшы :

Ж.У Сагиева

